

"Денсаулық сақтау ұйымдарының дәрілік формуларын өзірлеу және келісу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 23 қарашадағы № 762 бүйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 31 тамыздағы № 674 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2017 жылғы 29 қыркүйекте № 15820 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2019 жылғы 22 мамырдағы № ҚР ДСМ-84 бүйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 22.05.2019 № ҚР ДСМ-84 (алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 7-бабы 1-тармағының 70) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Денсаулық сақтау ұйымдарының дәрілік формуларын өзірлеу және келісу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 23 қарашадағы № 762 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5900 болып тіркелген, "Заң газетінде" №10 (1632) 2010 жылғы 22 қаңтарда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Денсаулық сақтау ұйымдарының дәрілік формуларын өзірлеу және келісу қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Қоса беріліп отырған Денсаулық сақтау ұйымдарының дәрілік формуларын өзірлеу және келісу қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Денсаулық сақтау ұйымдарының дәрілік формуларын өзірлеу және келісу ережесінде:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау Жалпы ережелер";

3-тармақта:

1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) денсаулық сақтау ұйымының дәрілік формулары - қазақстандық ұлттық дәрілік формулардың негізінде қалыптастырылған және "Халық денсаулығы

және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 1-бабының 1-тармағының 43-1) тармақшасына сәйкес айқындалатын тәртіппен денсаулық сақтау ұйымының басшысы бекіткен, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетуге арналған дәрілік заттардың тізбесі;

2) қазақстандық ұлттық дәрілік формуляр – дәрілік заттар мен бағалар туралы ақпаратты қамтитын, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау ұйымдарының дәрілік формулярларын әзірлеу және дәрілік заттарды сатып алу тізімдерін қалыптастыру үшін міндettі негіз болып табылатын, клиникалық тиімділігі мен қауіпсіздігі дәлелденген дәрілік заттардың тізбесі";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау Дәрілік формулярларды әзірлеу және келісу тәртібі";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Формулярлық комиссияның мүшелері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 1037 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің қосымшаға сәйкес Формулярлық комиссиясы туралы ережеге қосымшаға сәйкес туралы нысан бойынша (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14641 болып тіркелген) Формулярлық комиссия мүшелері (шақырылған сарапшы) мүдделердің әлеуетті қақтығысын ашу жөніндегі декларацияны толтырады.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Өнірдің жиынтық дәрілік формулярын өнірдің медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының дәрілік формулярының негізінде тиісті өнірдің тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету және міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмекті көрсету үшін облыстардың, Астана және Алматы қалаларының денсаулық сақтау басқармаларының Формулярлық комиссиясы әзірлейді";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Дәрілік формулярларға және жиынтық дәрілік формулярларға дәрілік препаратты қосу, алып тастау, ауыстыру (Қазақстандық ұлттық дәрілік формуляр әзірленгенге дейін) ұсынылған Дәрілік формулярларға немесе өнірдің жиынтық дәрілік формулярларына өзгерістер мен толықтыруларды қосу (алып тастау) негізdemеге сәйкес жүзеге асырылады.".

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бүйрықты мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін қазақ және орыс тілдерінде қағаз және электрондық нұсқада ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

4) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі А.В. Цойға жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі*

E. Біртанов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК